



ӨЗЕН

№6 (40) МАУСЫМ, 2019 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ӨЗЕН КЕНОРНЫНА ІС-САПАРМЕН КЕЛДІ



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы Алик Айдарбаев жұмыс сапарымен Жаңаөзен қаласына келді.

Басқарма төрағасы іс-сапары барысында өндіріс аймақта салынып жатқан нысандарды аралады. Атап айтатын болсақ, №1 Скажиналарға қызмет көрсету басқармасының жаңадан бой көтеріп жатқан әкімшілік ғимараты мен Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасының көлемі 20 мыңдық Су тұндыру қазандығының құрылыс жұмыстарын көріп, өзенмұнайгаздық мұнайшылардың әлеуметтік жағдайы мен өндірістегі еңбек жағдайымен танысты.

«Біздің бәріміздің мақсатымыз ортақ. Ол – бірлесіп, күш жұмылдыра отырып, белгіленген мұнай өндіру жоспарын абыроймен орындау. Ауызбіршілік, ынтымақ, татулық бар жерде береке болады. Күш біріктірсек, алынбайтын қамал жоқ» – деді Алик Айдарбаев.

Алик Айдарбаев бастаған делегация Қазақ газ өңдеу зауытына ат басын бұрды.



(Жалғасы 2-бетте)

А Н О Н С

2



АЛҒЫС АЙТАМЫН

3



«ҮЗДІК МАМАН»
БАЙҚАУЫНДА
ТАҢДАУЛЫЛАР
БАҚ СЫНАЙДЫ

6



КАЙДЗЕН ЖОБАСЫ –
ТИІМДІЛІКKE БАСТАЙДЫ

ӨзенМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

МАМЫР АЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ
ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ
100,12%



(Басы 1-бетте)

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ӨЗЕН КЕНОРНЫНА ІС-САПАРМЕН КЕЛДІ



Тұралхан БОЛЫСОВ, №1СКҚБ Кәсіподақ төрағасы:

– Әкімшілік ғимаратымыз 2018-жылдың қазан айында салынып бастады. Құрылыс жұмыстарын «Қараойқұрылыс» ЖШС жүргізіп жатыр. Нысанның құны – 216 788,53 мың теңге.

Қазіргі таңда жұмыстың 90 пайызы бітіп тұр. Шілде айында барлық жұмыстар бітеді деген ойдамыз. Ұзақ жылдар бойы өзіміздің жеке әдемі ғимаратымыз боласа деп армандап едік. Енді «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылары қолдауының арқасында жаңа ғимаратымыз бой көтеруде.

«Қараойқұрылыс» ЖШС мекемесі құрылысты жүргізіп жатыр. Қазірде құрылыс жұмыстарында 37 адам еңбек етуде, оның 10 адамы қалалық жұмыспен қамту бөлімі арқылы келгендер.



Жетібай ТӨЛЕГЕНОВ, №1СКҚБ пайдалану бөлімінің басшысы:

– 1978-жылдан бері басқармада еңбек етіп келемін. Біз 4 мұнай газ өндіру басқармасына қызмет көрсетеміз. Атқарылып жатқан жұмыс аз емес. 60 техникамыз бар, оның ішінде 34 алдағы уақытта жаңартылады деп жоспарланып отыр. Осы жылы 10 жаңа көтергіш агрегат аламыз. Бүгінде №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында 478 адам еңбек етеді. Ұжым тату. Жағдайымыз жақсы.

Сайын ӘБІШЕВ,

№1 СКҚБ, Әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімі басшысы:

– Мен осы басқармада 1974-жылдан бері 18 жасымнан бастап еңбек етіп келемін. Талай қызықты да қиын күндерді бастан кештік. Бүгінде зейнет жасына толып, шілде айында құрметті демалысқа кетпекші болып отырмын. Ескі ғимаратымыз 1980-жылы салынған барақ болатын. Кейінге жас толқынға жаңа ғимаратты аманаттап тапсырамыз. Олар кең, жарық бөлмелерде жұмыс жасайтын болады. Осы күнге дейін басқармада бірқатар нәтижелі жұмыстар атқарылып келеді. 2011-жылы 120 орындық әлеуметтік тұрмыстық кешен салынды. Біздің негізгі қызметіміз – 4 Мұнайгаз өндіру басқармаларына жерасты жөндеу цехтарына көтергіш агрегатор мен қамтамасыз ету. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара», отырып, Өзен мұнайының дамуына жұмыла еңбек етуіміз керек.



Арыстанғали ИНДИБАЕВ, МДЖӨҚКБ директорының өндіріс жөніндегі орынбасары:

– Су тұндыру қазандықтың құрылыс жұмыстарын ақтаулық «Oil Construction Company» ЖШС жүргізіп жатыр. Қазіргі таңда бұл нысанда 20 адам еңбек етуде. 2018-жылдың жартыжылдығында басталған құрылыс биылғы жылдың аяғына дейін аяқталуы мүмкін. Бұл қазандықтың көмегімен судың тұрақтылығы 13 минутке дейін көбейеді. Бұл жерде механикалық қоспалар түбіне шөгіп, су таза болады. Сол үшін де жер қойнауында мұнай көлемін көбейтуге жақсы әсер етеді.



АЛҒЫС АЙТАМЫН

Адам басына қиындық түскенде мүсәпір болу тез екен. 2017-жылдың 25-қарашасында Жаңаөзен-Төңге теміржолы өткелінде тепло-воз бен жолаушы тасымалдайтын ГАЗель маркалы автокөліктің соқтығысуы салдарынан қызымыз Динара мүгедек болып, екі аяғынан бірдей айырылып қалғанда дүние төңкеріліп сала берді. Аяқтан бөлек бас сүйек-ми зақымданып, оң жақ санының орнынан жылжып, сынғандығы анықталды. Қазір сол күндер есіме түссе, жүрегім ауырады. Қиындық бізді өзгертіп жіберді. Мен өз проблемаммен жеке өзім қалдым деп ойладым. Отағасы жұмыссыз. Мен көше сыпырамын. Үйде Динарадан басқа Құдай көпсінбесін тағы да үш балам өсіп келе жатыр. «Енді не істейміз, «шықпа жаным шықпалап» күн көріп отырғанда қызымның еміне қаражатты қайдан аламыз, қайда барамыз, кімге алақан жаямыз» деген сұрақтар миымды шағып жатты. Көңлім құлазып, жаным шырқырап кетті. Жетім көңілге дүниенің бәрі жетім болып көрінеді емес?! «Өмір бәрімізді сынауға тырысады» – деген сөзді үлкендерден жиі естуші едім. Расында да, өмір бізді барынша сынады. Осы уақытқа дейін дүниенің кең екендігін білуші едім. Ал адамның көңлі одан да кең екен. Қазақ түсінігінде қайырымдылық жасау, сауап жинау деген ұғым бар...

Біздің табалдырығымыздан бақытсыздық аттап, басымызға қара бұлт үйірілгенде «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайсервис» ЖШС үнсіз қалмай, алғашқылардың бірі болып қолұшын созды. Осы компанияларда жұмыс жасап жүрген әрбір бауырыма Алланың нұры жаусын деген аналық алғысымды білдіремін. Жалғанда адамның үміті үзілмесін, көңіл күйремесін.

Құдайдың екі аяқты саналы мақұлығы мейірімділікті ұмытып, адами құндылықтар аяққа тапталып, ар дегеніміз ең арзан дүниеге айналған мына аласапыран заманда өзенмұнайгаздықтар тарапынан адамгершіліктің аялы алақанын сезіп, көңілім босады. Біз сияқты кедей отбасының – кем-кетігі қашанда көп. Кетік көп болса, арман да ұланғайыр.

«Жақсылық жерде қалмайды» – деп отырушы еді үлкендер. Менің қызымның тағдырына бей-жай қарамаған әрбір бауырымыздың жасаған жақсылығы Алладан қайтсын! Қазақтың «жүре берсең, көре бересің, көре берсең, көне бересің» деген сөзі рас екен. Маңғыстау облыстық балалар ауруханасында сәтсіз жасалған ота салдарынан оң жақ саны қисық бітіп Динараға протез салу мүмкін емес болып шықты. Динараның аяғына Өзенде бес рет, Қорғанда алтыншы рет, Берлинде жетінші рет ота жасалды.

Біреуге қамқор боп, сол үшін күйіп-пісіп жүретін адамдар болады. Ол уақытпен де, төңірегіндегілермен де есептеспейді. Кең жаны, шалқар көңлі соның өзінен ләззат табады. Алланың қалауымен, дәл осындай азамат бізді жетектеп Қорғаннан бастап адамның өңі түгілі түсіне де кірмеген неміс жеріне дейін апарып, сүрінгенде демеп, құлағанда көтеріп, жылағанда жасымызды сүртіп, түсінбегенімізді түсіндіріп, жаймен айтып, қатты айтып, бар жағынан қолдау көрсетіп, біздің риясыз сүйіспеншілігімізге бөленген Әділ Қосайұлының жасаған жақсылығын кеудемде жаным тұрғанда ұмытпаймын ба, сірә?! Оның біздер үшін жасаған жақсылығын бұл жалғанда өтей алмасым анық. Алладан қайтсын! Асыл азаматқа деген ризашылығымды сөзбен жеткізу еш мүмкін емес. Алланың нұры жаусын! Балаларының қызығын көрсін! Жағы түспей, жамандық көрмесін! Жатсам да, тұрсам да тілеуін тілеп өтермін.



Дудерштад қаласындағы «Отто бок» клиникасында протез дайындатуға қажет 16,5 млн теңге қаражатты айлардың сұлтаны Оразада «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ басшысы беріп, қырқылған үмітімізді үрледі. Осы сәтте толқығанымды білсеңіз ғой?! Қызымның өзге балалармен тең болып, қара жерді аяғымен басып жүретінін ойлағанда қуаныштан жылап жібердім.

Қандай жағдай болса да, замана қалай құбылса да, адамдық қасиетінен айнымайтын, ел-жұртын ұмытпай, шарапаты тиіп, қамқорлық жасап жүретін Алик Серікұлына айтар алғысым шексіз. Ол қызыма көмектесе отырып, барша Маңғыстау халқының құрметіне ие болды. Алла тағала ол кісіге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық берсін. Халық игілігі үшін жасап жүрген жұмысы жемісті болсын.

Әлекеңнен бөлек, біз үшін алаңдап, үнемі хабар алып, қызымның мектепте оқуына ықпал еткен Атқосшы Аманғалиұлы, Бауыржан Сайлаубайұлы деген азаматтарды айтпай кетуге болмайды... «Жақсымын деп мақтанба, халық

айтпай, батырмын деп баптанба, жауға шаппай» демекші, өздеріңіздей ел көшін алға тартар ел ағалары аман болсын! Сіздерге басымды иіп, зор алғысымды білдіремін. «Мейірімділік танытпаған, мейірімге бөленбейді» – деген хадис бар. Өмірге жақсылық жасау үшін келген өздеріңіз сияқты ел ағалары 100 жасасын! – дей отырып, мақаламды ақынның мына бір өлең шумағымен аяқтағым келіп отыр...

**Көтеріп тұрып, құлатады өмір,
Күлдіріп тұрып, жылатады өмір.
Етегің толып өңіреген кезде,
Қайтадан өзі жұбатады өмір.
Үмтіңді үзіп, түңіле көрме,
Құлап барып та гүл атады өмір
Үп еткен желге дірілдей берме,
Шыдамдылықты ұнатады өмір...**

Ғалия ЕҢСЕГЕНОВА,
қала тұрғыны



«Өзенмұнайгаз» АҚ басқармааралық «Үздік маман» кәсіби-шеберлік байқауының II туры басталды. Мұнайшылардың білім-біліктілігін арттыруға бағытталған дәстүрлі байқаужыл сайын өткізіліп келеді. Жарты ғасырдан астам тарихы бар «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы кадр даярлау саясатын белсенді түрде жүргізіп келеді. Байқау мамандардың тәжірибесін арттырып, біліктілігін шыңдайды.

Райхан ЧАНКУРБАЕВА, «Өзенмұнайгаз» АҚ, Персоналды басқару және дамыту департаментінің жетекші маманы:

– «Үздік маман – 2019» кәсіби шеберлік байқауы екі турдан тұрады. Бүгін екінші туры өтуде. Мұнайшыларымыз он күн бойы, яғни 18-28 маусым аралығында әртүрлі практикалық және өндірістік емтихан тапсырып, өз кәсіби біліктілігін дәлелдейді. Байқауға шамамен 150-ге жуық маман қатысып жатыр.

Мақсат АЙДАРХАНОВ, Бұрғылау жұмыстары басқармасының операторы:

– 25 жылдан бері мұнай саласында еңбек етіп келемін. Жыл сайын «Үздік маман» байқауына қатысып жүрмін. Өткен айда мекеме ішінде бірінші тур өтті. Бұл байқауда теория бөлімінде



тест тапсырып, практика бөлімінде күнделікті жасап жүрген жұмысымызды көрсетеміз. Теориялық білімді өндірістегі еңбекпен ұштастыра білудің маңызы зор. Екеуі астасқанда ғана ісін алға жүреді. Әріптестеріме сәттілік тілеймін.

Сәрсенбай Отаров, №3МГББ СЖТБ басшысы, комиссия құрамының мүшесі:

– «Үздік маман» байқауы компанияда жыл сайын өткізілетін дәстүрлі байқауға айналды. Бүгін 15 бригада қатысу керек еді, бірақ әртүрлі себептерімен 6 бригада қатысып отыр. График бойынша кешікпеуіміз керек. Таңертенгі 9.00-ден – 10.00-ге дейін теориядан тест тапсырып шықты. Енді практика жүзінде жұмыстарын көрсетіп жатыр.

Жұмысшылардың кәсіби шеберлігі мен біліктілік деңгейін көтеріп, еңбекке ынталандыру мақсатында ұйымдастырылып отырған бұл байқаудың жеңімпаздары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ көлемінде өтетін дүбірлі додаға жолдама алатын болады.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Есен Өтеевтің бастамасымен «Медицина қызметкерлері күні» кәсіби мерекесіне байланысты, осы қиын салада тер төгіп жүрген мамандық иелеріне ерекше көңіл бөліп, мәртебесін арттыру мақсатында «Кендірлі» демалыс аймағында медицина саласының 80 таңдаулы қызметкеріне арналып, мерекелік дастарқан жайылды.



Салтанатты шараны Жұртшылықпен байланыс департаменті маманы Арғын Бисен, компания өнерпаздары Ерлан Жұматов пен Нұрсұлтан Нұрғали жүргізді. Аппарат жетекшісі Бауыржан Мамбетсапаев бастаған азаматтар бас директордың медицина саласының қызметкерлеріне арнаған жүрекжарды құттықтауын жеткізді.

«Дертіне шипа, деніне саулық сыйлайтын Сіздерге мұнайшылар дән риза. Адам жанының арашашысы болып жүрген Сіздерге қандай құрмет көрсетсе де артық болмайды. Науқастың жанына жалау болып, адам бойына өмірлік күш-қуат беріп жүрген Өздеріңізге құрмет көрсету – әрбір азаматтың парызы» – деп жазылған бас директордың адресаты мен Бекет Ата жерасты мешітінің картинасы табысталды. Сөз алған аппарат жетекшісі Бауыржан Мамбетсапаев, Персоналды басқару және дамыту департаменті директоры Ермек Көптілеев, Әлеуметтік әкімшілік департаменті директоры Тарас Алуадинов ардақты да құрметті мамандық иелерін мерекесімен құттықтап, жылы сөз, ізгі тілектерін арнады.

Мерекеге байланысты Гүлнәз Қарасаева, Шынар Жарылғасова, Сырға Әбдікәрімова, Амангүл Жылқыбекова, Дариға Мыңбаева, Энза Ғалипова, Ботакөз Жұрмағамбетова, Гүлжамал Зигаева, Алма Са-

риева, Балбибі Жетібековалар бас директордың Алғыс хатымен марапатталды. Өз кезегінде «Медикер» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Анар Жұмаханова Есен Өтеевке серіктестік басшылығы атынан Алғыс хат табыстады.

Жаңаөзен қаласы бойынша жобалар жетекшісі Индира Сәтбаева әріптестерін мерекесімен құттықтап: «Сіздердің арқаңызда тоқтаған жүрек қайта соғып, үзілген үміт қайта жалғанады. Өздеріңізге келген әрбір мұнайшы Сіздердің ыстық ықыласыңыз бен аялы алақаныңызды сезеді. Науқас көңілін аулап, ертелі-кеш ерінбей еңбек етіп жүрген Сіздерге ризамын» – деді.

Компания басшылығына рақметін айтқан Индира аппарат жетекшісіне «біз Сізді дипломат ретінде бағалаймыз» – деген қошеметін білдірді.

Әлемдегі ең қасиетті салаға 10 жылдан бері жетекшілік етіп жүрген Әлеуметтік әкімшілік департамент аға маманы Құралай Құрманәлиева мереке иелерін құттықтап, мұнайшылардың алғыс-сауабын арқалап жүрген ақ халатты абзал жандарға шексіз алғысын білдірді. Өздеріне көрсетілген құрмет пен ықыласқа риза болған медицина саласының қызметкерлері компания басшылығына алғыс жаудырды. Кеш соңы жергілікті өнерпаздар концертіне ұласты.

«Дүние – үлкен көл, заман соққан жел: алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер...» Сірә, Абайдан асқан, Абайдан асырып айтқан кім бар екен?! Сол ӨМІР деген дарияның өрінде біз де келеміз; алдыңғы толқын – ағаларымыз асқаралы алпысқа жетіп, биікке құлаш ұрып барады. Көргені де, еліне бергені де көп, парасат-пайымы мол, қуатты топ. Ала білсек, әлі де берері жетерлік өнеге-өрісі кең. Біз, кейінгі толқын – інілер, соған марқаямыз, соған шүкіршілік етеміз. Ағаларымызға сыртынан қанығып, абырой-атағына, елі үшін еткен еңбегіне тәнті боламыз. Осындай ағаларымыздың бірі – Базарбай Айбергенов.

БАЗАРБАЙДЫҢ БАЗАРЛЫ ҒҰМЫРЫ



Базарбай Айбергенов 1960-жылы дүниеге келген. Мұнай саласында 34 жыл бойы жүргізуші болып жасап келеді. Еңбектің баспалдақтарымен жоғары өрлеген азамат қазір өмірдің қызықты да қымбат кезеңінде бақытты ғұмыр кешуде. Отбасында жұбайы Айсәуле апамызбен 2 ұл, 3 қыз өсірген үлгілі отбасы. Қыздары қияда бір-бір үйдің түтінін түзу шығарып отырса, ұлдары үйленген, балалы-шағалы. Ұл-қыздарынан тараған 10-нан аса немере мен жиендердің қызығына бөленіп отырған ардақты ата. Базарбай еңселі еңбек етіп қана қоймай, үлкен өнерді үкілеп ұстап жүрген дарынды жан. Жыр өнерін жетік меңгерген жастай Беласар өкесін тыңдаған бала Базарбай өнерге ерте талпынды. Рухани азық сұлу сөз, жыр-дастандарды бойға жиып, мерейлі мереке, айтулы жарыстарда топ жарып, бірнеше рет бас жүлде, бірінші, екінші орындардың жеңімпазы атанды. Сүгір жыраудың 110 жылдық тойында айтулы «Мүштері» жырын, мекемеаралық жарыста Өмірзақ Қалбаевтың «Адай жайсаңдарын» орындап, көпшілік көңілінен шығып, елдің рухын талай көтерген болатын. Базарбай ұжым-дастар арасында да өте сыйлы, абыройлы, беделді азамат. Өкенең өнер жолын жалғамаса да, үлкен ұлы Асылбек қасында жүргізуші болып, жанына жалау болып жүр.

«Аға, жұмыста жүріп жырды ұмытып қалмайсыз ба?» – деп сұрағанымызда, керісінше жаттай түсемін деген Базарбай ағаның жұмыста да жыр айтып көңілді жүретіні белгілі болып қалды. Жолыңызды жалғастырушы жас жыршылар көп пе деген сауалымызға, қуанатыным шүкір бар, қиналатыным тыңдаушы аз. Бүгінгі жастар жеңіл өнге, мағынасыз сөзге әуес болып барады. Мәні жоқ әндерден сабырсыздық, жалқаулық, мейірімсіздік сияқты жаман қасиеттерге ұрынып адасу, ажырасуларға көп баратынын айтқан ағамыз жыршы болмасаңда жақсы сөз, өнегелі жыр тыңда, жақсылыққа жол ашылады деп баса айтып сөзін аяқтады.

Қайырымдылық, үлкенге құрмет көрсету, өзіңнен кішіге де ізет ете білу – Базарбай ағаның бойындағы асыл қасиет десек артық емес. «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – ойлап тұрсаң бес асыл іс» деп кезінде Абай атамыз айтып кетсе, осы ой-пікірді жалғастыра білген бүгінгі біздің басты кейіпкерімізге айтар тілегіміз – еңбегіңіз бағаланып, көңіліңіз көтеріңкі болып, ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын.



«ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕДІ»

«Өзенмұнайгаз» АҚ компаниясында еңбек ететін мұнайшылардың ішінде өнерлі азаматтар көп. Солардың бірі – Алтынбек Нәдірбаев. Ол компаниямыздың белсенді қызметкері. Өнер мен спорт шараларына қатысып, жұлделі орындарға ие болып жүр. Алтынбек өмірлік жары Базаргүлмен бірге 3 ұл, 2 қыз өсіріп отырған үлгілі отағасы.



«Мерейлі отбасы» атты облыстық сайыста бас жүлдені жеңіп алып, қаламыздың абыройын асырған болатын. Ол туралы мақала облыстық «Маңғыстау» газетінде жарияланып, марапатталды. А.Нәдірбаев еңбек ететін №1 СҚКБ ұжымы тойлаған «Қош келдің, өз-Наурыз!» мерекесінде зіл тасын көтеруден болған жарыста 1-орынды жеңіп алып, білекті спортшы екенін дәлелдеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қарасты мұнай компаниялары арасында ұйымдастырылатын спартакиадада топ жарып жүрген баскетбол құрамасының белді ойыншысы. Жүрегі өнер деп соғатын мұнайшы Алтынбек «Жеті қайық» Қаржау Тұрсын Алдашұлы атындағы әншілер байқауында жұлделі 2-орынды қанжығасына байлады. Жаңаөзен қаласы 50 жылдық мерейтойы аясында өткен мұнайшылар арасында «Күміс көмей» ән байқауында дәстүрлі әншілер арасында бас жүлдеге ие болды. Аталған шарада «Мұнайшы» мәдениет үйінің шақыртуымен қала өнерпаздарының қатарынан табылып, «Жеті қайық» Әділ Өтеғұлұлының ролін сомдап, көрерменді тәнті етті. Жастайынан өнерге жақын Алтынбек айтулы жыршы Жалғас Алағөзовтен бата алып, жұлдызы жанып келе жатқан өнерпаз. Кейіпкеріміз мамандығын мақтаныш тұтады. Еңбекқорлығы арқасында көпке сыйлы. Бала кездегі арманы орындалып, көздеген мақсатына жеткен Алтынбек Нәдірбаев мұнай саласының өркендей түсуіне әлі де өз үлесін қоса берері даусыз. Өнері арқылы сайыстарда топ жарып жүрген Алтынбекке шығармашылық табыс тілейміз!

Әнес Уәлиұлы 1973-жылдың 14-қаңтарында өмірге келіп, білім алған Үштаған аулындағы мектеп қабырғасынан-ақ өнер-білімге деген құлшынысын танытып, шындала түседі. Жас азаматтың музыкаға деген сүйіспеншілігі де алғаш меңгерген прима аспабынан басталса керек. Кейін «Тамаша» вокалды ансамблінің құрамында жүріп, аймақтың көптеген елді мекендерін аралап, өнерін шыңдайды.

ТАЛАНТТЫ ӘНШІ ӘЛЕМІ

Өмірдің өз заңы бар демекші, бүгінде Әнес Қарабасов «Өзенмұнайгаз» АҚ Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасында оператор болып қызмет етеді. Жан дүниесімен өнерге деген құлшынысының нәтижесі болса керек, мұнайшы мамандығымен қатар сазгерлігін де қатар алып, жүректерге жол тапқан әдемі әндердің авторына айналған. Жары Күләшпен бірге Әсемай деген аруды, Талғат, Қанат, Бекарыс есімді ұлдарын тәрбиелеп отыр. Осы жылдар шінде нота біліп, арнайы сазгерлікті оқымаса да, табиғи тума талантымен бірқатар ән мұрасын қалыптастыра білді.



Жалпы, өнер тебіреністен, жан дүниенің толқынысынан лықсып шығатын бір керемет күй екені жасырын емес. 2008-жылғы көкірегінен ұшқан «Сағыныш» әні сазгердің бойындағы ерекше тебіренісінің нәтижесі болды. Бойындағы дарыны бұғып қалмай, мұнайшылықпен біте қайнасып бірге жасап келе жатқан азамат. Композиторлық таланты 2008-жылдан байқалып, «Қазақ елім», «Астана», «Анажаным», «Бақыттымын өзіммен» т.б. бірнеше әннің авторы атанып үлгерді. «Мұнайшы қыз» әні көпшілік көңілінен шығып, мұнайшылардың барлық мерекесінде шырқалып, айтылып келеді. «Ер Төстігім бір төбе» демекші, сазгер шығармашылығының ішінде қалың көпшіліктің жүрегіне жол тауып, шынайы сүйіспеншілікке ие болған туындыларының бірі Арғынбек Қалбайдың сөзіне жазылған «Мұнайшы қыз» әні. Мұнайшы болып жүрсе де, романтика мен жастық сезімнің лебінен арылмаған мұнайшы жігіттің лирикалық жай-күйін сипаттаған әсем ән бүгінгі күннің хит туындыларының біріне айналған.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

«ҚИТ ЕТСЕ БОЛДЫ АМЕРИКАЛАП ШЫҒА КЕЛЕТІН АУРУ ЕТЕК АЛДЫ. БҰЛ ӨЗІ МЕГЕЖІННІҢ ІНГЕНМЕН БОЙ САЛЫСТЫРҒАНЫНДАЙ».

Асқар СҮЛЕЙМЕНОВ

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді ізбасар екенін дәлелдеуде. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Бүгінде жастар озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барша үлес қосып келеді. Осы ретте «Өзенмұнайгаз» АҚ өтетін барлық спорттық, мәдени шараларында көзге көрініп жүрген Гүлзия Тайжанова туралы айтқымыз келіп тұр.

ЖАН-ЖАҚТЫ ҚЫЗ ГҮЛЗИЯ

Гүлзия орта бойлы, талғампаз, жан-жақты, пысық қыз. Ол «Өзенмұнайгаз» компаниясында өтетін мәдени, спорттық шаралардың барлығына да қатысады. Гүлзия 1991-жылы сәуір айының төртінші жұлдызында Түркіменістан Республикасының Бекдаш поселкесінде дүниеге келді. 1998-жылы Бекдаш поселкесінің №1 мектебінде бірінші сыныпқа барды. 2000-жылы екінші сыныпты бітіріп, Жаңаөзен қаласына қоныс аударуына байланысты, «Шұғыла» шағын ауданындағы №12 бастауыш сыныбына ауысты. Бесінші сыныптан бастап №2 орта мектепте білім алды. Мектептегі кезеңде мерекелік-ұйымдық іс-шараға белсене араласатын. Гүлзия алтыншы сыныптан бастап волейбол айналысты. 9-сыныпқа дейін Жаңаөзен қаласының волейбол құрама командасында ойнады. 2007-жылы Маңғыстау энергетикалық колледжіне түсіп, 2011-жылы үздік дипломмен бітірді. Студенттік жылдарында Маңғыстау волейбол құрама командасында ойнай жүріп, Астана, Өскемен, Орал қалаларына барып, біраз жетістіктерге жетті. Білімін шыншау мақсатында Ақтөбе қаласында Қ. Жұбанов

атындағы Университетінің органикалық химия мамандығы бойынша жоғары диплом алды. «Оқу-инемен құдық қазғандай», демекші, Гүлзия өзінің ізденімпаздығымен талапшылдығының арқасында тағы да бір оқу орнына түсті. Бұл жолы Көкшетау қаласындағы Көкше Академиясында Құқықтану мамандығын игеріп шықты.

Гүлзия Есенқызы алғашқы еңбек жолын 2009-жылы тамыз айында «ӨМГ» АҚ қарасты «Өзенэнергомұнай» басқармасында 2-дәрежелі электрожөндеуші қызметінен бастады. 2012-жылдан бастап Технологиялық транспорт басқармасына Әлеуметтік әкімшілік жөніндегі маманы, 2016-жылы «ӨМГ» АҚ басқару аппаратында әкімшілік сұрақтар жөніндегі маман, 2018-жылдан бастап «ӨМГ» АҚ басқару аппаратындағы ӨӘД әлеуметтік сұрақтар жөніндегі аға маманы қызметіне ауысты. Гүлзия компанияда еңбек етіп бастаған күннен спорт бағытында біраз жетістіктерге жетті. Мәселен, 2012-жылы Астана қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ еңбек ұжымдарының №1 Спартакиадасына қатысып, 2 алтын медальды



қоржынына байлады. 2013-жылы Жаңаөзен қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ еңбек ұжымдарының №2 Спартакиадасына қатысып, тағы да 2 алтын медальды еншіленді. 2014-жылы Қызылорда қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ еңбек ұжымдарының №3 Спартакиадасына қатысып, 2 орын; 2015-жылы Атырау қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ еңбек ұжымдарының №4 Спартакиадасына қатысып 2-орын; 2016-жылы Астана қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ І – Спартакиадасында 2 орын; 2017-жылы Астана қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ ІІ – Спартакиадасында 2 орын; 2018-

жылы Астана қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ ІІІ – Спартакиадасына қатысып, 2-орын жеңіп алды. Гүлзияның әкесі №1 МГӨБ әдіскер, ал анасы Жаңаөзен қалалық балалар емханасында дәрігер қызметін атқарады. Отбасында Гүлзияның артынан ерген інісі мен келіні бар.

– «Мен мектепте оқып жүргенімде мұғалім бізге болашақта кім боласыңдар? деген сұрақпен шығарма жазуды тапсырды. Өлі күнге дейін есімде мен болашақта кім болғым келетінін білмеймін, бірақ ең бастысы қандай салада маман болсам сол істің абыройлы қызметкері боламын дегенмін. Мектеп кезінде кез келген мәдени – спорттық шараны өткізу керек болса, мектеп ұжымы мені іздейтін. Сол бала күнгі талпыныс бүгін нағыз Әлеуметтік әкімшілік департаментінің аға маманы болуына септігін тигізді. Балалық шақтың арманы болашаққа жетелеп әкелгеніне қуанамын. Адам армандау керек. Армандар орындалады. Мәдени-спорттық шаралардан алған дипломдардың көптігі сонша бөлмемнің қабырғасына да сыймайды» – дейді, Гүлзия Есенқызы.

Гүлзия жас қыз, жас маман. Оның алар асулары әлі алда. Болашағың жарқын, жолың арқашан ашық болсын, еңбекқор жан!



ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

Өткенге ой салып, ертеңді екшеп, бүгінгі күнге көз салар болсақ өткен тарих беттерінде мұнай саласында ел ықыласына бөленген есімдер мыңдап саналады. Еліне, халқына әркім әр түрлі жолмен пайда тигізеді. Біреу батырлығымен, енді біреу шешендігімен танылады. Жақсы адам жайында жазсаң жаның жадырап, ойың тазарып, құдды бір жоғың түгенделгендей күй кешесің. Жетібай Төлегенов – елге сіңген еңбегімен, әкелік парызын абыроймен өтеп, жолдас – жораларының алдында беделге ие болып, қызметін адал атқарып жүрген, қоғамға сыйлы, тұғыры биік жан.

Жетібай Төлегенұлы 1957-жылы бесінші сәуір күні Түрікменстан республикасы, Көнеүргеніш қаласы, Қызылбайдақ аулында дүниеге келді. Осы өлкеде орта мектепті аяқтады. 1975-жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін Ресейге аттанады. 1977-жылы әскерден аман-есен оралады. «Жан бар жерде қаза бар» емес пе?! Бірінен соң бірі әжесі мен анасы дүниеден озады. Төлеген «балаларым Қарақалпақстанда қалмасын, өзінің қазақ еліне барып жетілісін» деген ниетпен 1978-жылы Жаңаөзен қаласындағы Теңге аулына көшіп келеді. Ол – отбасының

жатыр. Рая Ақжігітқызы Т.Әлиев атындағы №1 орта мектептің түлегі. Еңбек жолын №9 Мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінен бастады. «Қарамандыбасмұнай» компаниясының да дәмін татты. 1998-жылдан бері МДЖӨҚБ оператор қызметін абыроймен атқарып жүр. Уақыттан жүйрік не бар бұл өмірде... Бақытты жандардың биыл отау құрғанына 40 жыл толып отыр.

«Үйлену – оңай, үй болу – қиын» – деген сөз тегін айтылмаған. Отбасы мықты болу үшін сүйспеншілік, шыдам мен сабыр керек. Өзімшілдік адамды орға жықпақ. Отағасы



БАҚЫТТЫ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР

«Еңбекпенен ер көгерер» депті ғой дана қазақ халқымыз. Өз ғұмырының 46 жылын еңбекке, мұнай саласына арнаған Чуваков Құдайберген Қойтанұлының осы өмірде арманы бар ма екен? «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының қалыптасу тарихы көз алдында өтті десе де болады. Сонау 1969-жылы көшіп келген он төрт жастағы Құдайберген тағдырының сәтті бағытқа бұрылып жатқанын сол кезде білген жоқ. Бала кезінен бастап ақ техникаларға қызықты, соларды меңгерсем деген арман

өз бақытын тауып, тұрмыс құрды. Бақытты жұп мұнай саласында жемісті еңбек етіп, мұнай саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қалалық мұнай және газ техникумын бітірген Ағибақтың дәрежесі өсіп жатты. Бірнеше жыл өткен соң, ол пульта-операторы болып, жұмысын ауыстырды. Пульт-операторының міндеті – скважиналардан топтық қондырғыларға өндіріліп келіп түскен мұнай қорының өлшемдерін 1 сағат 40 минут сайын есептеп отыру, сонымен бірге тек есептеп отыру емес жоғары жаққа өлшемдер есептерін жеткізу. Бұл әрине өндіріске енгізілген компьютер технологиясы арқылы жүзеге асып жатады. Нұрболат Сәрсенов басқарып келе жатқан бұл ұжымда Ағибашпен бірге тағы



оны алға жетеледі. Ол 16 жасынан бастап еңбекке араласты. «Мына жұмыс май екен, істеу қиын екен! Меңгере алар ма екенмін?» деген ой он алты жастағы Құдайбергенде болған жоқ. Еңбек оны ширатып, пісірді. Құдайберген еңбек жолын 1971-жылы №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында слесарь көмекшісі болып бастады. Ол жылдары өндірісте киініп-шешінетін жайлы орын болмады. Ыстық тамақ туралы ойлаудың өзі артық еді. Автокөліктерді тек жүргізе білу емес, бұзылған көлікті жөндей білу керек екендігін жақсы түсінген жігіт өзін үнемі жетілдіріп, біліктілігін көтеріп, майталман слесарь атанды. Бала кезінен жүргізуші болуды армандаған Құдайберген автобус тізгінін қолға алды. ХЖЭБ КРАЗ, АНИР

автокөлігін жүргізіп, өз ісінің шебері атанды. Биыл 2019-жылы Құдайберген Қойтанұлы зейнеткерлік жасқа келіп, құрмет демалысына шықты. Жарты ғасырға жуық Өзен кенорнында жұмыс жасаған азамат компания басшылығы марапаттарынан да кенде емес. «Мәселе марапатта емес, маған басшылықтың ықыласы ыстық» – дейді ол. «Адам екі нәрседен қателеспейі қажет. Бірі-мамандық таңдаудан, бірі-жар таңдаудан» деген сөз бар. Аллаға шүкір, Құдайберген осы екеуінен қателеспеген адам. 1981-жылы өзіне ұқсаған еңбекқор да қарапайым қызға жолығып, асығы алшысынан түсті. Ағибаш өзінің еңбекқорлығымен отбасылық өмірде Құдайберген ағамызды еңбекке құлшындыра түсті. Ол 1961-жылы қаңтардың 14-ші жұлдызында Ақтөбе облысында дүниеге келді. Кәсіптік техникалық училищені бітіріп, дүкеншілік мамандығын игерді. Еңбек жолын 1979-1980 жылдары дүкенші болудан бастады. 1980- жылы тамыздың 1-жұлдызында «Өзенмұнай» өндірістік бірлестігіне 2-дәрежелі оператор болып жұмысқа орналасты. Өндірісте

да үш диспетчер, төрт оператор, төрт кип-автоматчик жұмыс істейді.

«Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайы көп жақсарды. Қазір мұнайшылар арнаулы жұмыс киімімен дер кезінде қамтамасыз етіліп тұр. Жас кезімізде қолымызға түскен киімдерді киіп, жұмысқа келе беретін едік. Ол кезде қарапайым жұмыс қолғабын табу да қиын еді. Бүгінде барлық жағдайы жасалған тұрмыстық-шаруашылық кешендер салынып, мұнайшылар игілігіне берілді. «Елу жылда ел жаңа» демекші, жарты ғасырдан астам тарихы бар Өзен кенорнына жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Мамандығым өзіме ұнайды! Осы мамандықты таңдағаным өкінбеймін! Бақыттымын!» – дейді Ағибаш Абдирова.

«Бақыттымын» – деп айтуы орынды, Ағибаш сүйікті ісімен айналысып жүр. «Бақыттымын» – деп айтуы орынды, отағасымен мамыражай өмір сүріп жатыр. Мұнай саласында 39 жыл жұмыс істеген Ағибақтың еңбегі еленіп-ескеріліп келеді. Еңбекқор жан Өзен кенорны 30 және 40 жылдығына байланысты төс белгілермен марапатталды. Мұнай өндіруге қосқан еселі еңбегімен қоғамдағы белсенді жетістіктері үшін Ағибаш Алғыс хаттармен марапатталды. Бақытты отбасында тәрбиеленген ұл мен қыз да әкешелеріне ұқсап, еңбекқор болып өсті. Үлкен ұл Түрания заман ағымына сай өз жолын кәсіпкерлікпен байланыстырып, жайлы өмір сүруде, Кіші ұл Беранияз әке жолын жалғастырып, мұнайшы мамандығын таңдады. Өткен жылы «Үздік маман-2018» кәсіби-шеберлік байқауында слесарь мамандығы бойынша бақ сынап, жүлделі 3-орынға ие болды. Құдайберген аға зейнеткерлікке шықтым деп қарап отырған жоқ, қазір Түрания баласының мал бағу ісіне көмектесіп жүр. Еңбек етіп қалған адамның еңбек етпесе, үйге сыймай кететіні рас. Балдай тәтті немерелердің алды 11-сыныпта оқиды. Еңбекпен есейіп, тату-тәтті өмір сүріп жатқан бақытты ерлі-зайыптыларға зор денсаулық, мәнді де сәнді ғұмыр тілеймін.

МӘРТЕБЕЛІ ЕҢБЕК ИЕЛЕРІ

тұңғышы болғандықтан, өзінен кейінгі інілілері мен қарындастарына ағалық қамқорлығын жасайды.

Еңбек жолын 1978-жылы мамыр айында Мұнайгаз өндіру басқармасындағы №27 топтық қондырғысында қарапайым оператор болып бастайды. Ол кездегі басшысы Мақсұт Боранбаев болды. Тумысынан еңбекке жаны құмар Жетібай әр түрлі қызметтер атқарды. Оператор да, жұмысшы да, көлік жүргізуші, дәнекерлеуші де болды. Өзін еңбекқор қызметкер ретінде көрсетті. Қызметін абыроймен атқарған білікті басшы да бола білді.

1988-жылы №1 СКҚБ машинист болып орналасты. Содан бері аталған мекемеде тапжылмастан отыз жылдан аса жемісті еңбек етіп келеді. Бүгінгі күні пайдалану бөлім басшысы. Жақсы атақ біреуден сұрап не болмаса сатып алатын нәрсе емес. Оны халық береді. Халқына қадірі бар, елі үшін атқарған ақ-адал еңбегі бар адам ғана көпшілік құрметіне лайық. Елге еткен қызметтің үлкен-кішісі болмайды. Әркім өз орнында, өз қал-қадірінше халыққа қызмет етсе – сол елдің қадірлісі болып қала береді. «Жылқы кісінескенше, кісі сөйлескенше» демекші, мұнайшы ағамен сөйлесу барысында жүрегі кең, байсалды, ақкөңіл азамат екенін білдік. Тындырған жұмыстарына тоқмейілісіп көрмеген ол үнемі ізденіс үстінде жүреді. Тындырғанынан тындыратыны алда.

– «Мұнайшы болу оңай емес. Небір күндер өтті ғой. Жылына бір рет арнайы киім беріледі. Бір қолғапты бір ай киіп, майын кетіру үшін ыстық суға жарты кір сабынмен жуып отырушы едік» – деп еске алады алыста қалған күндерін Жетібай. Уақытының біраз бөлігін жұмыста өткізгенімен, Жетібай Төлегенұлы отбасына ұқыпты, жауапты, Рая апамызға аяулы жар, балаларына қамқор әке. Жетібай ағаның жұбайы Рая Төлегенова да саналы ғұмырында мұнай саласында еңбек етіп, зейнеткерлікке шығу үшін құжаттарын рәсімдеп

екеуіміз қызымызды қияға, ұлымызды уяға қондырдық. Өмірге өкпем жоқ...» – дейді Рая Төлегенова.

Ұлы Құрал №1 СКҚБ транспорт жөніндегі аға механик қызметін абыроймен атқарып жүр. Қыздары Құралай мен Айзат – қаржы саласының қызметкерлері. Немересі Әл-Фараби қаратэ, домбыра үйірмесіне қатысып, болашағынан үміт күттіріп жүр. Бақытты отбасы тағы бір сәби келуін күтіп отыр.

Өнегелі отбасыға береке мен қуаныш тілейміз!





КАЙДЗЕН ЖОБАСЫ – ТИІМДІЛІКKE БАСТАЙДЫ



жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жобаның мақсаты – жұмыс орнына қолайлы жағдай жасау, жөндеу жұмыстарын орындау, тәртіпті ұстау, тазалығын, ұқыптылығын, еңбек өнімділігін арттыру болып табылады. Негізгі артықшылығы – бұл жоба қосымша қаражат немесе қандай да бір жаңа технологияларды енгізуді талап етпейді.

КАЙДЗЕН ЖОБАСЫ – ЖҰМЫСТЫ ЖАҚСАРТАДЫ


Шығыс философиясы, соның ішінде жапон мәдениетінде «кайдзен» деп аталатын әдіс бар. Бұл әдісті жергілікті халық «бір минут ішінде» деп атайды. Бұл әдістің ерекшелігін жапондықтар жақсы сезініп, күнделікті өмірде іске асырып келеді. Кайдзеннің мақсаты – ысырапсыз өндіріс. Осы «ысырапсыз өндіріс» бағдарламасы біздің басқармада енгізіліп, жұмыс жүргізілуде.

Пилоттық «Кайдзен» жобасын тәжірибе ретінде №2 МГӨБ, №12 МГӨЦ, №9 топтық қондырғыға енгізіп жатырмыз. №9 топтық қондырғының слесаркасы «Кайдзен» жобасы бойынша жөндеу, жаңарту, құрал – саймандарды реттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соның ішінде №12 МГӨЦ барлық топтық қондырғылары «Кайдзен» жобасымен ретке келтірілді. №9 топтық қондырғыға компьютер қойылып, антенна орнатылды. Жергілікті желі қосылып, топтық қондырғының шеберлері тікелей басқарманың ОИТҚ цехтың пульт басқару операторынан және геологиялық бөлімдерінен ұңғылардың өлшеу, тұрыстың азаюы жөнінде ақпарат ала алады. №12 МГӨЦ топтық қондырғылардың атаулары жаңартылып, мұнайшылардың күшімен жасалынды.

Ысырапсыз өндіріс қағидаттарын енгізу мақсатында №12 МГӨЦ, №38 ТҚ қызметкерлері өндіріс мәдениетіне, жұмыс орнында тәртіпті және тазалықты сақтауға тартылған.



МӨЛШЕРЛЕП ЖЕГЕН БАЛ ТӘТТІ...



Жасыратыны жоқ бүгінде өмірімізді интернетсіз елестету еш мүмкін болмай қалды. Құдайға шүкір қазір не көп психолог-мамандар көп. Сүрінсең, психологқа сүрінетін заман. Сол психолог-мамандар интернетте шектен тыс отырып, уақытты өлтіру адамды ойлау, талдау қабілетінен айырып, әлеуметтік мүгедекке айналдыратынын айтып дабыл қағуда. Олар әлеуметтік желіде отырушылар денсаулықтарын құртып, тұйыққа тіреліп, дертке шалдығатынын айтады. Бүгінде артық ақпарат проблемаға айналып отыр. Төбеден төмен қарай жауып тұрған ақпарат нөсерінің астында өмір сүріп жатырмыз. Осы ақпарат легінде малтығып, тұншығып, есімізді жия алмай, қақалып-шашалып жүрміз. Адамзаттың жаны темір емес қой.

Селфи-сырқат дәрежесі деңгейіне жетті. Мұхаммед (с.а.у.) «Менің үмбеттерімнің көпшілігі тіл мен көзден қайтыс болады. Бірақ адамдар олай ойламайды»-деген болатын. Бүгінде көптеген жас өлім тіл мен көзден болып жатқанын көп адамдар біле бермейтін сияқты. Отбасында орын алған жылт еткен нәрсені жалпақ әлемге жариялап, жар салып жатады.

Әлеуметтік желіде отырып, ойына келгенін айтып, ойына келгенін жазып өз сөзінің тұтқынына айналып жатқандар да бар. Интернет талай шаңырақтың шайқалуына, әлсіз пенделердің күнә арқалауына түрткі болуда. Мектепке бармай жатып, ерте бастан жанарларын телефон мен компьютер жеп қойған балаларға жаның ашиды. Ұялы телефонның пайдасының шексіз екендігін әркім біледі, алайда бастан асатын зияны туралы бір сәт ойланyp көрдік пе?!

Интернетке кірген адамға тандың атуы мен күннің батуы бір сауым тәрізді. Бір кірсе, шығуы қиын. Желілер желім сияқты, жабыстың ба, қайтып босауың қиын.

Әлем жылына бір рет қаңтар айының соңғы жексенбісінде интернеттен бас тартады. Интернет-баланың кітаппен достасуына да мүмкіндік бермейді. Елбасының «Болашақта интернет қарайтындар кітап оқитындарға жұмыс істейтін болады» деген сөзі көп нәрсені аңғартса керек-ті. Бала күйреуік, текаппар, өзімшіл болады. Желілер-ерікті шектейді, ол ойлануға, еркін ойлануға мүмкіндік бермейді. Интернет тәрбиелеген ұғым-түсінігі біртүрлі ұрпақ өсіп келе жатқаны көңілге қорқыныш ұялатады.

Ақыл тоқтатқан орта жастағы біздердің жанымызда үнемі смартфон. Басымыз ауырып, шаршап жүреміз, депрессияға бейімбіз. Адамның ішкі тыныштығы бұзылса, өмірге құштарлығы азаяды. Мөлшерлеп жеген бал тәтті, мөлшерден асса у болатынын естен шығармайық!

Сарша СҮГІРӘЛІ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

Мереке ҚҰЛБЕКОВ, №2МГӨБ директоры:

– Біздің басқармада 748 адам жұмыс істейді. Олардың ішінде 632 қызметкеріміз «Нұр Отан» партиясының мүшесі. 20 топтық қондырғы, 13 СЖАЖ бригада, 7 цехымыз бар. БЖБ 4 бригада, «Кезби» ЖШС 6 бригада бар. Қорымызда 846 скважина бар. Бүгінгі таңда жұмысымыз жақсы жүріп жатыр. «Кайдзен» жобасы аясында топтық қондырғылардың жағдайын жақсарттық. Жақында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мамандары келіп, біздегі «Кайдзен» жобасына қызығушылық танытып, мұнайшыларымыздан тәжірибе алмасып кетті. Жобаның аяқталатын белгілі бір уақыты жоқ. Күнделікті жұмысымызда бір минутты да босқа жібермей, жұмысты жақсартуға бағыттаймыз. Әуелгі баста бізге тек бір ғана топтық қондырғыны дайындаңыз деген тапсырма берілген еді. Біздің қызметкерлер бір емес, бірден жеті топтық қондырғыны дайындады. Алда атқарылатын игі жоспарлар көп. Ол алдағы уақыттың өншісінде.



Бауыржан КҮЗЕМБАЕВ, 12 МГӨЦ басшысы:

– 25 жылдан бері мұнай газ саласында еңбек етіп келемін. Биылғы жылдың басынан бастап «Кайдзен» жобасы бойынша жаңа жұмыс басталды. Пилоттық жұмысымыз №9 ТҚ басталып, құрал-саймандар мен қосалқы бөлшектерді сақтау және орналастыру қоймасы реттеліп, жолға қойылды. Мұның тиімділігін мұнайшылар көріп отыр. Кайдзен жәшігі қойылды. Бұл жәшікке мұнайшылар ұсынысын жазып, қалдыра алады. Кайдзенді жалпақ тілмен таратып айтатын болсақ, компания өнімінің сапасын, технологияларды, корпоративті мәдениетті, еңбек өнімділігі, өзара сенім, көшбасшылық т.б. жұмыстарды үздіксіз жақсарту жүйесі. Қысқаша айтқанда кайдзен жүйесі қызметкерлердің жұмыс сапасын арттыру арқылы компанияның беделін жақсартуға болады, – дейді №10 бригада шебері Рахмет Нұрмұханбет және аға оператор Әли Камаров.

**Жұлдыз
МҰХАНБЕТҚАЛИҚЫЗЫ,**
№2 МГӨБ сапа
жөніндегі инженері

маңызы зор. «Қара алтын» өндірісін жүйелі жолға қойған елдің экономикасы өркендеп, халқының әлеуметтік ахуалы жақсаратыны сөзсіз. Бұл тұрғыда біздің мемлекет те дамудың даңғыл жолына түсті. Еліміздегі ірі мұнай өндірістері экономиканың ілгерілеуіне зор үлес қосуда. Солардың бірі- «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы. Осы уақытқа дейін компания халықтың тұрмысын түзеу мақсатындағы ауқымды әлеуметтік жобаларға белсене араласып келеді. «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік мұнайлы қала халқын жұмыспен қамтып отырған бірден-бір кәсіпорын. Жергілікті халықтың тұрмысын түзеп, қаланың әлеуметтік – мәдени дамуына да айрықша ықпал етіп келеді.

Биылғы жылдың ақпан айынан бастап №2 МГӨБ-де «Кайдзен» атты жоба іске асырыла бастады. Аталған жоба бойынша бірқатар



МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Адам айтса нанғысыз... Орда бұзар жасқа келгенде Тұрсынбек оқушы баладай ес-түссіз ғашық болып қалды. Кімге дейсіз ғой... Көрші үйге келген қонақ қызға... Орыс мектеп бітіріп жатқан Аяулым ауылдың өзге қыздарындай емес не ойласа соны тарс еткізіп айтып қарап тұрады екен. Мөлдіреген қара көзімен елжірей қарағанда осы уақытқа дейін бойдақ болып жүрген Тұрсынбектің жүрегін аунатып кетті. «Бәрін айт та, бірін айт, коллективтің жырын айт» демекші, сақа жігіттен маза кетті. Кер маралдай керілген бойжеткеннен айырылып қалатындай дегбірсізденіп сала берді. Аудан орталығына іздеп барып, қызды киноға апарды, театрға апарды, ресторанға апарды. Ерке қыз қайда апарса да еріп кете бергенмен үйленуге келгенде үзілді-кесілді қарсылық білдірді. «Менің оқуым керек, мен отбасы құруға психологический дайын емеспін» – деді тақылдап.

Әбден амалы таусылған Тұрсынбек үйлі-баранды достарымен ақылдасып, кезекті кездесуге шыққан Аяулымды

үй десе үйің бар, көлігің бар, ақшаң бар, апаң да бізді көрген сайын «ау балама келіншек алып бермейсіңдер ме?» – деп сөйлейді. Қатын алсаң, құлағымыз тынышталады. Анаң байғұс та, келін жұмсап, бір жасап қалатын болды» – деп қауқылдасып кетті.

Құшағындағы келіншегің жұбатпақшы болып, өзіне икемдей бастағаны сол еді, ол жұлқынып шығып кетті... Табалдырығынан аттағалы бір аптадан асса да асау қыздың маңайына жолатпағаны еркектің намысына тиіп, ашулана бастады. Өзін Аяулымға күштеп жақсы көргізе алмайтынын түсінді. Киініп, көлігіне отырды да, қалаға тартып кетті.

Үйленгелі көрмеген бұны достары әбден сағынып қалыпты, құшақ жая қарсы алды... Әр затты бір айтып мәз болып қалды. Достарын көріп, мауқы басылған соң, Тұрсынбек өзінің елегізіп, алып-ұшып үйіне кеткісі келіп тұрғанын сөзді. Таңертең «бәлем қалаға барып, апталап жатып алмасам ба?» – деп ойлап еді... Сағатқа жетпей сағынып тұрысы мынау... Өзінің бостығына жыны келді... «Қарағым, қатыныңның қолынан шай ішуге бармаймыз ба?!» – деді Ернар мұның ойын оқығандай. Үйіне қалай кетудің ретін таба алмай тұрған Тұрсынбек «кеттік» деп қалғанын да сезбеді...

байқамаған достары лепіріп көп сөйлейді екен. Келіншегі таусылмайтын қызыл сөзден шаршағандай қабағын шытты. Опыра ішіп-жеп, тынымсыз күйсеп отырған достарымен қоштасып, келіншегімен оңаша қалғысы келді. Достары «көрейін де өлейін» дегендей түннің ортасына дейін отырды... Қонақ келгесін көмектесуге көрші ағайын қыз келген. Ас үйден Аяулым екеуінің ауық-ауық сөйлескен дауыстары естіліп қалады... «Не айтып жатыр екен?» – дейді бұл ас үй жаққа құлақ түріп... Келіншегі мен көрші қыз ыдыстарды жуып, әр затты әңгіме етіп, ұйқыны да мұны ұмытып кеткендей... Жігіт ызалана бастағанын сөзді... Күте-күте шаршап талықсып ұйықтап кеткен екен, таңертең ұйқыдан өрт сөндіргендей түнеріп, қағынып тұрды...

Анасы ауылдың шетіндегі жамағайынның шілдеханасына кеткен бойдан, күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай арманына айналған Аяулымға «басың алтын, бір жерің күміс болса да жинал! Төркінің қаңғыған күшкітей етіп апарып тастаймын!» – деп айқайлады. Ашумен ауыр-ауыр сөздер айтылды. Келіншегі жалынып, аяғыма жығылатын шығар деп ойлаған. Аяулым селт етпеді... «Ел-жұрт не дейді?! Әжеме не деймін?» – деді ол... Даусы дірілдеп шықты. Жылағысы келіп тұрған сияқты... «Кімнің не ойлағаны мен үшін маңызды емес. Жоғал! Көзіме көрінуші болма!» – деді бұл құтырынып... Үнсіз тұрған келіншек жалт етіп қарады... «Кет дегенде ит де кетеді емес пе?! Енді қайтып көрмейтін боласың!» – деді қатуланып... Тұрсынбек орысша мектеп бітірген қыздың сөз саптасына еріксіз таң қалды.

Екеуі асығыс – үсігіс машинаға мінді. Жігіт ішінің өртеніп бара жатқанын сөзді... Ерлі-зайыптылардың ажырасуын құп көрмегендей күн күркіреп, жаңбыр жауа бастады. Тұрсынбек қанша ашуланса да, өзінің артық кеткенін сөзді. Қайтуға жол жоқ. Айтылған сөз атылған оқ емес пе?! Бәрін өзі бастады. «Шығасыға иесі басшы» – деген осы. Төркіндеп бара жатқандай үлбіреп киінген келіншегіне жұтына қарап тұрып, «өз ырысын маңдайға тепкен ақымақ қатын» – деді ішінен тістеніп...

Екеуі егістіктің жанына жақын-дағанда машинаның артында отырған келіншегі машинаның есігін ашып жіберді де жерге омақаса құлады. Тұрсынбектің қапелімде сасып қалғаны сонша машинасының тежегішін басам дегенше ұзап кетті. Жанталасып кейін қарай жүгірді. Келіншек зым-зия. Жер жұтып кеткендей. Адам бойымен бірдей жайқалып өскен егістік бұны мазақтап күліп тұрған сияқты. Жігіттің жаны қыдырып кетті... «Аяулым!» – деді айқайлап... Аспанның асты төсіліп кеткендей, жаңбыр шелектеп құйып тұр... Желаяқ келіншекті біраздан соң, құлап жеткен жерінен тапты. Ат басындай алтын тауып алғандай қуанып кетті. Аяушылықтан іші уылжып кетті. Өзінің нәкестігіне жыны келді. Жан жоқ, тіл жоқ, кірпігі ғана өзер қимылдап жатқан келіншегің көргенде жаны шығып кете жаздады. Оны аялай құшақтап тұрып «мен өзіңді қалай сүйетінімді білсең ғой!» – деді күрсініп... «Мен де!» – деген дауыс жетті жігіттің құлағына... Тұрсынбек өз құлағына өзі сенбегендей келіншегінің аузына үңілді... «Менің арманым бар

еді ғой. Анам қайтыс болғанда, қайтсем де дәрігер боламын» – деп анама уәде беріп едім...» – деді Аяулым ықылық ата сөйлеп...

«Ақымақ басым-ай, шынашақтай қыздың таудай талабы бар екенін қалай білмегенмін. Махаббатқа мас болып ештеңені сезбеппін ғой. Осыдан қолынан жетектеп апарып өзім оқуға түсіремін, апама да, ағайындарға да өзім түсіндіріп айтамын» – деді жігіт ішінен. Өкініш ішін өртеп бара жатты. Әбден малмандай су болған келіншек Тұрсынбектің құшағына еніп, мойнынан құшақтап алды. Айырылатын емес. Сүйіктісін көтеріп, орнынан лып көтерілген жігіт жарының жеңілдігіне таң қалды. Тоңаннан дір-дір өткен келіншегінің шашынан иіскеген Тұрсынбектің жүрегі еріп бара жатқандай, бақыттан басы айналды. Көрген адам бұларға қарап тұрып «бақытты жұп» деп ойлар еді... Бұлар ырасында да бақытты жұп еді...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

БАҚЫТТЫ ЖҰП...

(ӘҢГІМЕ)

екінің бірінің тақымына бұйырмаған ақ джигімен алып қашты. Еріксіз келген ерке қыз басына орамал жаптырмай қиғылық салды. Тіпті жас балаша бүк түсіп жылады. Қашаннан келін күтіп жүрген апасы ақылын айтып, ауылдың үлкендері сөйлеп, қойшы әйтеуір, не керек әулімдеп жүріп тойын өткізді. Қызықтың көкесі тойдан кейін басталды... Қырсық қыз бұнымен тілдесуден үзілді-кесілді бас тартты, естір құлаққа ұят, бір бөлмеде жатса да, бөлек төсек салып ұйықтады. Бастапқыда «қайда кетер дейсің, ашуы басылғасын өзі-ақ келіп, құшағыма құлайды» – деген сеніміне де селкеу түсе бастады. Бұны білсе, достары қарқылдап күліп, мазақтың астына алатын еді. Ғашық адамның жанын махаббатқа зәру қоғамда өмір сүріп жатқан адамдар қайдан түсінсін...

«Ау, жас қатын алам деп достарыңды ұмытып кеттің ғой. Бұл жүрісіңмен қатыныңның құшағында тұншығып өлетін түрің бар ғой» – деп Ернар досы хабарласты. Достарымен бірігіп мал шаруашылығымен айналысып жүрген Тұрсынбек сарғайған сары даланың самалын жұтып жүргенге ештеңе жетпейді деп, үй көрмеуші еді... Енді келіншегінің қасынан кеткісі жоқ... Обалы қане-ки, әкесінің інісі өзі басқарып отырған мекемеге шақырып, аз-ақ жылда айғырдай азынаған бастық боласың! – деген. Бұл бас тартты. Көрінгенге бас ұрып, жалшыдай жалтақтап жүргісі келмеді.

«Бұрын үйде ұстай алмайтын едік, қатын деген құдірет қой, айналма болған қой сияқты үйден шықпайтын болды» – деген тентек апасының көрші кемпірге айтқанын естіп, екі беті ду етті.

Үйде апасы, Аяулым үшеуі ғана. Үш қарындасы тұрмыста. Әкесі марқұм жалғыз баланың қызығын көруден күдер үзгендей өткен жазда көп ауырып жатпастан қайтыс болды. Әкесінің өлімі шешесін қайыстырып кетті. Қанша сыр бермеуге тырысқанмен апасы шөгіп қалды. «Жұрттың сен сияқты баласынан шешелері 2-3 немере сүйіп отыр. Сенің не пәлең бар... Бойың сырықтай, дөңгелетіп жүрген кәсібің бар, бұл не жүріс» – деп құлақ етіп жеп жүр еді. Үйленіп, апасының сөзінен құтылғанымен, жақын да болса алыс болып Аяулым жанын өртеді. Жүрісі, көзін төмен салып отырысы, шай құйғанына дейін ұнайды. Кеше көршінің ағайын қызы келіп еді. Сол кезде Аяулымның даусын естіп «апырай, қатын дегеннің даусына дейін сиқыр болады екен ғой. Бұрын қалай байқамағанмын» – деп ойлады... Қыз кеткесін Аяулымның қасына келіп, қолынан ұстап еді... Ол қолын тартып алды. Құшақтады. Келіншек қарсылық көрсетпегенмен, сүлессөк... Аймалап, сүймекші болып еді... Келіншегі кішкентай қыз сияқты өксіп жылады. Тұрсынбектің жүрегі ауырып кетті

«Апырай-ай, бекер алып қаштым ба?» – деген ой келді. Алып қашпауға болды ма, бойжеткен күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай, есалаң қылып қоймады ма... Кездесуге келгенде, өзінің дәрігер болғысы келетінін, Мәскеуге оқуға кетейін деп жатқанын айтқан. Мәскеуді естігенде төбе шашы тік тұрды. Кездесуге қуанып шығып, өзге қыздардай қылымсымай, «қарным ашып тұр, балмұздақ жегім келіп тұр, шөлдеп тұрмын» деп өзіне өзімсіне, еркелей қарайтын Аяулымға қолынан келсе, ойланбастан аспандағы айды да алып беруге әзір болатын. Сұлу бойжеткенді өзгелерден қызғанып, өзінен бір қадам алысқа жібергісі келмеді. Ғашықтық дерті жанын өртеп, ішіне сыймағасын достарына айтқан олар бірауыздан «ал да қаш,



Кешке қарай сәлем беріп кіріп келген бір топ жігіттерге апасы зілсіз ғана «қонаққа адам деген күндіз келмеуші ме еді» – деп жатты. Аяулым жаймен жүріп дастарқан жайды. Ернар құлағына «Әңгіме жоқ! Қатының қарға ауаған түлкідей құлпырып кетіпті» – деп сыбырлады... Бала кезден бірге өскен досының әзілі жүрегіне тікендей қадалып, қызғаныштың қызыл иті ішін тырнап өтті. Достарының сөздерінің бірін естісе, бірін естімейтіндей... Келіншегінің нәзік қимылы есін алғандай... «Әй, сүйкімді келіншекті жеп қойғың келіп отыр ма? Нағып дастарқанға ентелеп отырсың» – дегенге есін жиып алды. Сасқаннан күліп жіберді... Ернардың үнсіз отырған келіншегіне «аузыңызға маржан салғандай тым-тырыс отыра бересіз бе?» – деген сөзін жаратпай отыр. Дәл қазір Аяулымын машинаға мінгізіп, көз көрмес, құлақ естімес жаққа кеткісі келді. Шешесі мұның ойын білсе «қатынжандысын қарай көр» деп күлетін шығар... Бағана келіншегіне өкпелегеніне өкініп те отыр... Бұрын қалай



Құрметті
Жарылғап
КЕТЕБАЙҰЛЫ!

60



Сізді асқаралы мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс тілейміз. Біз сізді тәртіпті сүйетін, әділ, ісіне мығым маман ретінде бағалаймыз. Ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында әріптестеріңіздің арасында, құрмет пен сыйға бөленіп жүрген Сізден жас мамандар үлгі алады. Өзен кенорнының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген Сізбен біз мақтанамыз. Өзіңізге Алла тағала ұлдан немерешөпшек иіскеуге жазсын! Аман жүріңіз, жақсы аға!

Қадірлі Ыбырайым ӘБДІБАЙҰЛЫ!

Сізді 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Адамның жер басып жүрген күндерінің бәрі бақыт емес пе?! Алла тағала өзіңізге ұзақ өмір, баянды бақыт, отбасыңызға амандық берсін. Біз Сізді білікті мұнайшы, адамгершілігі мол азамат ретінде танимыз. Балаларыңызды қызықтап арамызда аман-есен жүре беріңіз. Ел экономикасының өсіп-өркендеуі жолында сүбелі үлес қосып жүрген өзіңіздей ел ағалары аман болсын!

Игі тілекпен:
№2 МГӨБ
еңбек ұжымы

50



«Бала-біздің болашағымыз» – принципін ұстанатын «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы мұнайшы балаларының жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастырып отыр. Биыл мұнайшылар балалары «Айналайын», «Арман дала», «Ақ бұлақ» (Алматы), «Балдәурен» (Көкшетау), «Машат Арасан» (Шымкент), «Ақбөбек» (Кендірлі) демалып жатыр.

Демалыстың көркі – лагерь. Лагерьде балалар алаңсыз асыр салып ойнап, бір жасап қалады. Олар мәдени орындарға саяхат жасайды. Танымдық және рухани білімін толықтырады, түрлі ойындар ойнап, қызықты көштерге қатысады. Кітап әлеміне, ертегілер еліне саяхат жасайды.

БҮГІНГІ БАЛА – ЕРТЕҢГІ ЕЛ ҚОРҒАНЫ



«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз» – деп әндеткен балалар лагерьде қуанышқа бөленіп, шаттыққа көнеледі, дос табады, неше түрлі қызықты іс-шараларға қатысады. Лагерьдегі әр күннің өз қызығы, ұмытылмас сәті мол болмақ!

Бүгінгі бала – ертеңгі ел қорғаны, елдің тұтқасын ұстар азамат, ел болашағы. Балаларымызға сәтті демалыс тілейміз!



Фото: Галия КАЛИЕВА

Өзенмұнайгаздық бір топ мұнайшылар «Қазақстан Барысы» мега жобасына қатысып, жанкүйер болып қайтты. Олар ұлттық рухты көтеретін аталмыш шараға қатыстыру идеясы компания басшылығының көрегендігі екенін айта келе, Есен Оғланұлы бастаған «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына ризашылығын білдірді.



«Өзенмұнайгаз» АҚ бас ғимаратының асханасы дәмді тағамдарымен өзенмұнай-газдықтарды қуанып жүр. Асхана колориттік күш жағынан маңызды тамақтар май мен ет тағамдарын жиі пайдаланады. Денсаулыққа пайдалы, раққа қарсы дәрумендер көкіністің құрамында екенін жақсы түсінетін аспазшылар түскі асқа салаттың түр-түрін дайындауды үрдіске айналдырған. «Адам тамақты талғамсыз, тынымсыз көп жеу арқылы өмірден ерте өтуіне өзі себепші» – дейді француз оқымыстылары.



АШЫҚ ҚАБАҚТЫҢ – АСЫ ДӘМДІ

Сәулеш Жолмағамбетова басшылық ететін асхана ұжымы ас мәзірін түрлендіргенді жақсы көреді. Айгүл Алдабергенова, Бибіжан Таникова, Рахат Ыбраева, Айсұлу Жұмабаевалардың қазанында пісіп-түскен тағамның тәттілігі сонша, құлағыңды кесіп

алса да сезбейсің. Бармағынан бал тамған аспазшылар пісірген тәттілер өз алдына бір төбе. «Ашық қабақтың – асы дәмді» демекші, қашан барсаң да адамды күліп қарсы алатын асхана қызметкерлеріне өзенмұнайгаздықтар дән риза.

ОЗЕН

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТИ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445
Журналист: **Гүлсім Оспан**
Пошталық мекенжай: gulsim08@mail.ru
Фотограф: **Қуаныш Қосай**
Пошталық мекенжай: joker_wap@mail.ru

«Атис» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады